

УЗАКБАЙ ДОСТАНБЕТОВ

*ТИЛ ӨНЕРІ
ДЕРТПЕН ТЕН*

(Сөзбе-көзге сүйенген нұсқалары,
көптеген нұсқа)



Ұзақбай Доспанбетов

**ТІЛ ӨНЕРІ
ДЕРТПЕН ТЕҢ**

(Әдеби-көркем сын мақалалары, зерттеулер)

Алматы

2005

АҒЫНАН ЖАРЫЛЫП СӨЙЛЕСЕК...

(Кейбір қазақ әңгімелері мен повестері төңірегіндегі ойлар)

Бағзы замандарда кітап деген сөзді құдай, құран сияқты ұғымдармен байланыстырып, оған киелі дүниедей үрке, әрі қасиетіне табына қараған. Ол кездерде қазіргідей дүкен сөрелерінен бірінен бірі аса жалтырап, мұқабасындағы айшықты суреттерімен көз тарта салтанатпен қатар түзеген кітаптар жоқ болғанмен құладүзде саңырау адамдай жадау күн кешкен қазақ арасында кітап деген сөздің мағынасы о бастан бар. «Осындай-осындай данышпан адамдар болады, олар өздерінің кемеңгер ойларын хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа қалдырады екен» тәрізді аңызға ұқсас шындықтар аспанды кезген бұлт арқылы ма, кең дүниені шарлаған жел арқылы ма, жоқ, ертегі мен хиссалардың білгір, көреген кейіпкерлері арқылы ма, әйтеуір, қазаққа да жетіп жататын.

Ал қазір ше... Біз бұл жерде өткен мен бүгінді салыстыруды мақсат тұтып отырған жоқпыз. Кітап жөнінде халқымыздың қанына сіңген қандай мағына барын ескертпекпіз.

Сол мағына бүгін ескірді дей аламыз ба? Әрине, жоқ. Әрине, әр заманда адам мен қоғам неге қат болса соның кейде өресі биіктеп, асқақтап кетіп, аспандағы ай мен күндей дәріптелетіні бар. Келе-келе ол зәрулік жойылғасын сол дәріптелген дүниенің сыны мен сымбаты бұрынғыдай емес, ең қарапайым өң мен түске айнала бастайды.

Тек кітап қана көне күндерде халық көкірегінде қанша қадірлі болса, қазір де сол тұғырынан түскен жоқ. Сенбесеңіз, абайлап қараңызшы, қай дүкенде Пушкин мен Толстойдың, Лермонтов пен Чеховтың, Шолохов пен Әуезовтің, басқа да солар рухтас отандық, не шетел классиктері шығармаларының жайбарақат шаң-тозаңға көміліп жатқанын көресіз. Иә, еш дүкенде көре алмайсыз. Яғни, шын кітап, адам өткенде де әсірелеген, бүгінде де одан кем көрмейтін махаббат, әділет, ерлік сияқты қасиетті ұғымдармен әрқашан аяғын тең басып жасай бермек. Мейлі бүгінгі индустрия, өнеркәсіп кітап шығару ісін қанша жеңілдетіп, ойыншық етсін, шынайы кітап о баста халық көкірегінде қалай дәріптелсе сол қалпында қала беретіні күмәнсіз.

Біз мұны алғысөз ретінде айтарымыз болмағасын келтіріп отырғамыз жоқ. Қазір кітап шығару оңай болғанмен, шын кітап жазуға екінің бірінің қолы жетіп жүрген жоқ. Жазушылық жол әркімге әртүрлі қиындыққа түседі. Ғасырымыздың белбаласы – бүгінгі оқырман көңілінен шығу – ол жазушы үшін қия тастарда жанын шүберекке түйіп, заңғар биікке өрмелеген альпинистше табандылық танытуды талап етеді. Альпинист қия тасты алып тау шындарына өрмелесе жазушы шеберлік шыңына өрмелеуі керек. Осы бағдарда қазақ жазушыларының кейбір әңгімелері мен повестері төңірегінде өз тұжырымдарымызды ортаға салсақ деп едік.

Әрине, шеберлік хақындағы толғам-топшылаулар адамның білгірлігі асып тұрғандығынан тумайды. Кейбір шығармалар өзі ой салады, байқаған, барлағаныңды жария етуге итермелейді. Белгілі бір жаңалығымен жарқ еткен әңгімені, не повесті оқып шыққаныңда ол туралы салақұлаш сын мақала жаза

жөнелмегенімен көкейінді тескен түйіндерінді еңғұрмаса қойын дәптеріңе түртіп қоюға мәжбүр боласың. Кейін сол жазбалар басы құралып, көлемді мақалаға айналуға сұранады. Егер белгілі бір туынды жөніндегі бір кездегі пікірің мен кейін сол туындыны қайта оқығанда жасаған қорытындының тонның ішкі бауындай бір-бірімен байланысып жатса онда олардың шындыққа бір табан жақын болғаны, демек бас-аяғы бүтінделіп жарыққа шығуға қақылы ғой.

Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» атты әңгімесін осыдан біраз жыл бұрын ең алғаш жарыққа шыққанда оқып едім. Сүйсінгенім хақында бірден белгі соғыппын. «Жақсы дүние екен. Арнайы тоқталып сөз етсе, шіркін» деген жазуды таптым қойын кітапшамнан. Енді осы әңгімені бүгінде қайта оқып қарасам ол сүйсіну мен бұл сүйсінудің арасы жер мен көктей екен. Бұл жолы оның жай ғана жақсы әңгіме емес, қазақ совет әдебиетінің осы жанрдағы ең үздік туындыларының бірі екенін таныдым.

Неге олай? Әрине, бұл ретте сөз амалсыз шеберлікке саяды. Бір кезде жан досы, халық қаһарманы Исатай Тайманұлымен бірге патшалық езгіге қарсы Кіші жүз шаруаларының көтерілісін бастаған, осы көтерілістің әрі жалынды жаршысы, ұйытқи соққан борандай дем берушісі болған, қазақтың алғыр ақыны Махамбет Өтемісұлының күні еңкейген шағын, дәлірек айтсақ ақтық күнін бейнелейтін бұл трагедиялық әңгіме коллизиялық жағдайды нысанаға алуымен ұтып тұрған жоқ, барлық сыр, құпиясы жазушы қаламының сиқырында жатыр. «Шымшықтың тұмсығындай» қысқа әңгімеде арыстан жүректі ақынның әрнәрседен елегізіп, өткен дәурен, өткен күндердің көңіл күйзелтер елестері басынан зуылдап өтіп, тосын бір жағдайды түсіне алмайтын халге ұшырағанын автор қалай жеткізген десеңші. Барлық гәп дәлдікте деген әдеби сында жиі қайталанатын тағлымды сөз тағы да аузыңа оралады.

Міне, Махамбет қасында әйелі Әуес, баласы Нұрсұлтан Қараой деген жерде жалғыз үй отыр. Көңіл күпті, ұйқы сергек. Әсіресе, Баймағамбет сұлтанның мұның басына мың сом тіккенін естігелі бері солай. Келер жолы бір сенімді адамдармен келем деген Ықылас кешігіп жатыр. Бүгін де соны күткен қалпы бар.

«Қараой» атты қоныс Махамбетті әртүрлі қиялға шақырады. Кейде Махамбет жаңа туған баладай, осынау төңіректі алғаш көргенге ұқсайды:

«Баяғы балдай балалық, сағынышты шақ қалған ойпаң көзіне оттай ыстық та, жаудай жат та. Ынтыға есейген, торыға тоқыраған, дерттен қайта ашынған ақын Қараойды бірде қайта құтайған құтқа баласа, бірде елі ауып кеткен сары жұрттың төрінде төңкеріліп жатқан қара шаңыраққа ұксатады. Көзі көміліп қалған бұлақ, бастаулар тілі байланған шежіредей ыммен сыр шертсе, сансыз жылдың дауылына, жауынына шыдаған тамырлы өсімдіктер көзі тірі куәдай сыбдырлайды. Алғашқысы, мың бір түнді жатқа білетін хариді еске түсірсе, соңғысы тұлымы қырқылған тұл сұлудың қайта шыққан шашын елестетеді. Екеуі де мәңгілікпен сырласқан, ұғысқан, баян табысқан жардай, басы жұмыр пендені бірде аяп, бірде табалап, бәдіктей айналдырады.

Әуеде ұшқан қызғыш, «екеуміздің тағдырымыз бір» дегендей, қанатымен бәйек болады.

– Байғұс-ау, саған не болған? Шайың және суып қалды ғой, – деді Әуес.

Махамбет үй жанында ұзатар қыздай ұзақ тұрып қалғанын енді ғана байқады. «Ау, шынында да, маған не көрінді?» дейді дегбірсізденіп, көргеніне қызығады, көргенінен шошиды. Денесінде қызу бар ма, қалай? Елірмесі бар баладай боп тұр. Миының түкпірі шыңылдап, құлағы жартастай жаңғырыға ма, немене? «Қой, үйге кірейін», – дейді Махамбет. Шәркез сиқыр елестерден құтылғанша асығады. («Сырлы наз», «Жазушы» баспасы, 1977 ж. 7-8 беттер).

Ал бұдан ары не болды дейсіз ғой. Күткен Ықыласы келді. Қасында біраз кісілер бар. Қазақтың қашан да тілі ұзын, сөзі орамды. Ықылас та, қасындағы Жаңаберген де Махамбеттің түсін жылыта, көңілін жадырата алдай, арбай келді. Жылдар бойы қалыптасқан әдеті бойынша мығым отырған батырдың белін шештіріп, кара қанжарды өзінен аулақ керегеге ілдірді. Қомағай ауыздарымен ас ішісті. Иә, ең соңында Махамбеттің басын кесіп әкетті.

Бір жайдан ойлайсың, жер қайыстырған қалың қолды бастаған батырдың өлімі осынша неге тез болды? Авторды жазғырғың да келеді. Бірақ мәселенің түбіне бойлап, ойлап қарасаң бұл ешбір ымыраға, қолмен түзетуге келмейтін өмір философиясы екен. Махамбеттің өлімі Ықылас бастап келген баскесерлердің ісі емес, батырдың бүкіл ғұмырлық міндетім деп қараған негізгі қам-қаракеті мен сол кездегі тарихи жағдайдың үндес келмеуінің нәтижесі екен.

Соншама қысқа әңгімеде ешбір артық сөзсіз, артық баяндаусыз, күздің бір күнінде болған оқиғаны қаз-қалпында бейнелей отырып, осыншама үлкен сұраққа жауап беру қас шебердің ғана қолынан келмек. Әңгімені оқығанда бір үтірі не артық, не кем қойылыпты деп кінә таға алмайтынымыз жазушының шығармада дәлдікті сақтаудан жаза баспай қатаң реализмнің үдесінен шығуынан десек жаңылыс емес.

Мұндай шыншылдық, қатаң реалистік суреткерлік, терең астарлылық Тәкен Әлімқұловтың басқа да әңгімелеріне тән. Мысалы, «Көк қаршығаны» алайық. Мұнда да әйгілі ақын-композитор, атақты сері, ел сүйкімдісі Ақанның қартайған шағындағы бір оқиға баяндалады. Міне, базиналық жасаймын деген төренің қолынан көк қаршыға мерт болды. Бір кездегі Көкжендет пен Құлагердің қайғысындай қайғы басқан жоқ серіні. Тек «Төре-қараға қор болған, қайран елім-ай» деп көзіне жас алды. Көк қаршығаның өлімін өз халқының басындағы ауыр халге балады. Ақан солай деп айтқандықтан емес, әңгіменің бүкіл динамикасы бізді осындай қортындыға алып келді.

Әне, Сайын Мұратбековтың соңғы кезде жазған «Біреу» атты әңгімесінің кейіпкері өз бастығына бір жағыну үшін, ебіл-себілі шығып жүріп ақырында мерт болды. Ал Әбіш Кекілбаевтың «Керек адам» атты әңгімесіндегі Ержанов та сондай шектен тыс ездіктің, жағымпаздықтың

құрбаны. Бұл тікелей ажалға ұшырамаса да өзіне жақын дос Сәрсенов үшін адамдық қасиеттен біржола ажыраған адам. Сәрсеновтың оған ешқашан бұрынғыдай жадырап қарай алмасы анық, аңқылдақ ақ көңілін ешқашан айқара аша алмасы хақ. Ержановтың ендігі тірліктегі түр-түсі Сәрсеновке үңірейіп қалған көр аузындай ғана болып көрінбек. Жалғыз Сәрсенов үшін емес, оның сыр-сипатын танып, бажайлап үлгерген айналасындағы жөні түзу, тұнығы таза барша жұртшылық үшін де Ержанов біржола өлген адам. Ал оқушының осындай кесімді пікірге бірден келе алатыны жоғарыда аталған Т.Әлімқұлов әңгімелеріндегідей бұл шығармалардың да мүлтіксіз динамикалық дамуы осындай қортындыны миыңа шегелеп тұрып қадайды.

Ағаштан түйін түйетін, қара тасқа жан бітіретін хас шебердей кейіпкер психологиясын, оның бір кезеңдегі нақтылы әрекеттерін таза аршып алу әрбір суреткердің негізгі нысанасы.

«Әлгінде гүрсілдеп мылтық атылған кезде дүркіресе үркіп төменге құзға қарай алыстай ұшқандарын көзі шалып қалған. «Түгел ұшып кетіпті-ау. Қап. Бір-екеуін түсіріп алғанда болып еді, тым семіз екен өздері», – деді өкініп», – Әлібек Дәстеновичтің таңдайын бір қаққызам ба дегенде... Көңілі құлазып сала берді. Сонан кейін ғана өз жәйін ойлаған. «Әлгіндегі өз мылтығым-ау атылған. Құдай сақтап аман қалғанымды, қарашы» – деп қойды күңкілдеп. Орнынан жайлап тұра беріп еді сол қолы мен сол жақ саны дуылдап ұйығандай боп бүкіл өне-бойын жайсыз бір діріл билей жөнелді. Басы айналып, көзі қарауытып бұлдырап кетті. «Шынымен-ақ өзімді-өзім атып алғам ба?» – деген үрей келгенде есінен танып қайта құлап қала жаздады («Таңдамалы», «Жазушы» баспасы, 1981 ж., 453-бет) – деп жазады С.Мұратбеков аталмыш әңгімесінде. Иә, Әлібек Дәстенович мұның дастарханының басында отырып, тіл үйірер тәтті тағамға, жұртқа естірте бір тамсанса бұл кейіпкердің екі арманының бірі, екі емес-ау, өмірдегі жалғыз арманының өзі орындалатындай. өз бойындағы қайрат-жігерге сенбейтін, не оны басқа біреудің аузына жалтақтап жоғалтқан, шындық үшін тайталасып, оны күреспен жеңіп алудың орнына жел соққан жаққа қаңбақша домалай беріп, өз басын да, өзгесін де жоғалтқан кейіпкердің бет-пішінін, адамдық сиқын сол Әлібек Дәстеновичке жайылатын дастархан қамы үшін кекілік атып жүрген шағын бейнелеу арқылы қапысыз, қатесіз, жеткізген.

Ездік мейлі қай адамның басына орнасын азын-аулақ ерекшеліктерімен қабат ортақ нышандары да болмай қоймайды.

С.Мұратбеков пен Ә.Кекілбаевтың үндес, тақырыптас осы әңгімелеріндегі бас кейіпкерлердің де кеудесіндегі кейбір жылтырақ сезімдер шандақ көшеде қатар жатқан қос әйнектің бетіндегі сәулеге ұқсайды. Бірақ ол сүйсіндірмейді, жиіркендіреді, бетінді, көзінді көлегейлеп, теріс қарауға мәжбүр етеді.

Бұл ұқсастық екі жазушының бірін-бірі қайталауынан емес, екі жолмен барып, өмір қалтарысында, тереңінде жатқан шынайы шындықтың дәл төбесінен түсуінен.

Осындай ұқсастықтың кейбір нышандарын Әбіш Кекілбаевтың «Шеткері үй» және Мағзом Сүндетовтің «Шайтан базар» атты повестерінен де табуға болады.

Ол қандай нышандар? Бір қарағанға ол нышандардың қатарына аталмыш екі шығармада өмірінің қан базары таусылған, дәурені озып, күні еңкейген жандардың жан-дүниесінің суреттелуін ғана жатқызуға болатын сияқты. Ал шындығында екі повесті туыстырып тұрған басты ұқсастық Ә.Кекілбаев пен М.Сүндетов осы шығармаларды жазуда қастерлеп, қадір тұтқан адамгершілік пен тәрік еткен мағнасыз, серпіліссіз, құлықсыз тірлікте жатыр.

Міне, Әбіш Кекілбаев повесінде «қаланың тау жақ шетіндегі қаңылтыр шатырын әлдеқашан тот басып күңгірттеніп кеткен» бір қарағай үйде әлдекімнің көлеңкесіндей болып, күн өткізген жанның бүкіл тарихы баяндалады. Мұның бәрі «Зулап өтіп жатқан уақыт-ай», енді бірде «Қайран күндер-ай» десеңші деп, дәміл-дәміл күрсініп отыратын сол адамның өз еске алуы арқылы берілген. «Тас көшені тық-тық шертіп бара жатқан қос өкшенің дыбысына елтіп келе жатып, алдыңыздағы ақ балтырлардың көзіңізден қалай бір-бір ұшқанын байқамай да қаларсыз» дейді автор өз кейіпкерлерінің сыпаты жөнінде. Бірақ бұл оның жиырма-жиырма бес жыл бұрынғы қалпы еді. Ал қазір ол жоғарыдағы сөздерді айтып күрсініп отыратын қария адам.

Иә, Зухра о баста кім еді? Ол қаладағы ауқатты саудагер Қара Махмұттың қызы.

«Қара Махмұт қол ағаштай дөң мұрнының астында мұрт емес, шалғы орақ қыстырып қойғандай, едірейген өткір кісі еді. Алушының сұрағына жығылмай, оны өзінің айтқанына көндіріп үйреткен өктем мінез саудагер күні-түні дүкенінен шықпаса да, айтқаны орындалып жататын. Сауда-саттық көшесінің талай қалтаманы Сібірге «Қозы құйрық теруге» кеткенде де, ол тырп етпеді. Қайта қаладағы азын-аулақ дүкендердің үстінен қарайтын азын-аулақ бастықтардың бірі болып алды. Оның сырын басқа түгілі қыздары да білмейді. Әйтеуір, ас үй, қора-қопсыны жайлайтын қызметшілерден естімістері: баяғыда оқып жүргенде әкелері қол ұшын берген бір қара таяқ бүгінде үлкен қызметте деседі». («Құсқанаты», «Жазушы» баспасы, 1978 жыл, 179-бет). Міне, Зухраның тіршілік ерекшелігіндегі көп белгілер әкенің осы сыпатынан бастау алады. Жоқ, Зухра да сол әке жолын қуып, сауда-саттықты диірмен тасындай айналдырған адам болып шықты деп ойламаңыз. Ол «әйел жолы жіңішке» деген ескілікті мақалға жан-тәнімен бой ұрды.

Өйтуіне, әкесінің төңірегінде болып жатқан жағдайлар ғана емес, шешесі де себепкер:

«Ақар-шақар шыңдардың етегіндегі кішкене қаланың орысы мен қазағы, ұйғыры мен татары, дүңгені мен қырғызы бірдей іш тартатын Қара Махмұттың шүңірек көз, пісте мұрын, шанаш бет кішкене кемпірі: «қара шалым мен үш қызым аман тұрса, талай жақсының төрінде талтандармын-ау» – депті деп ел айтушы еді. Марқұм көріпкел екен. Айтқаны келді де қойды. Үлкен қызы Зұбаржат шешесінің төркіні татарларға бұйырды, одан кіші Зұлхия әкесінің нағашысы ұйғырларға келін болды, ал Қара Махмұт

отырған қара шаңырақтың түй иесіміз деп кеу-кеулейтін қайқы төс қазақтардың салымы осы Зүһраға түсіпті». (Сонда, 177-бет.)

Бұл жерде жазушы кейіпкер психологиясы мен қам-қарекетін дәл бейнелеу үшін ең бір қажетті детальдарды қатесіз іріктеу арқылы мынаны аңғартады. Осындай ортада өскен, осындай адамдардың уағызымен сусындаған Зүһра әйел адам өзі талпынып ұшпаққа жете алмақ емес, бәрі өзің қосылған қосағыңмен байланысты деген қағиданы өмірлік нысана тұтады. Күрес жолы бұл үшін қара тұман, ол қара тұманнан бір нәрсені ажыратсам деген мұнда талпыныс та жоқ.

Бақытына қарай, әлде сорына қарай ма, әйтеуір аса сұлу болып жаратылған Зүһраның осындай еңіс жолмен тез төмен сырғуына бір жайдан табиғаттың өзі де қосымша жағдай жасағандай.

Бірақ табиғат оған бірден қатыгездік еткен жоқ, мұның еншісіне Жәнібек атты тамаша жігітті де жіберді. Алайда, алғашқы сынақтың өзі-ақ Зүһра тағдырының күл-паршасын шығарды. Соғыс басталып, Жәнібек майданда мерт болысымен-ақ Зүһра бойындағы әке-шеше уағызынан қалған нышандар мұны алып жейтін жемір құртқа айналды. Бірте-бірте құрдымға батырды. Тал қармауға да талпынысы жоқ, үлкен ағынның бетінде қалқыған ағаш жаңқасындай кете барды. өмір ағынының құбылмалы, толқымалы келетіні де бар, Зүһраны кейде жайдақ жағалауларға айдап шығарған, кейде суы тұнық қойнауларға да әкелген де күндер болды. Бірақ тал бойында мін қандай жоқ болса, тағдыр тәлкегіне қарсы жұмсар күш-қайрат та сондай жоқ ол осынау сирек келетін жақсы күндер мен қолайлы жағдайларды өз қажетіне жаратып қалуды ойламады да, ойламады да деу артықтау да шығар бәлкім, олардың сондай жақсы күндер мен қолайлы жағдай екенін тануға өресі жетпеді.

Мақаламыздың тақырыбы кейбір әңгімелер мен повестерде әрбір штрих характер сипатына қарай қаншалықты дәлдікпен пайдаланылатыны төңірегінде екенін ескере отырып, бұл жерде жоғарыда келтірілген Зүһраның әкесі мен шешесі жөніндегі үзінділерге қайта соғар едік. Ә.Кекілбаев Зүһра бойындағы осындай дәрменсіздіктерді көзге шұқып көрсетпейді, оның қайнар көзі әке мен шеше сипатындағы кейбір белгілердің астарында жатқанын оқушының өзі мөлшерлеуіне саңлау ашып отырады. Жазушы шеберлігін де шығарманың осы қырынан танимыз. Әке бір кезде өзі қол ұшын берген бір «қара таяқтың» арқасында дүрілдесе, шеше сол шалы мен үш сұлу қызы аман болса талай жақсылардың төрінде талтаңдайтынын айтады. Бұл олардың өмірлік кредосы. Ал сол жақсылыққа жетудің өз бетінше табуға болатын басқа жолы бар деп бұлар білмейді. Бәрі біреудің арқасында. Міне, ана сүтімен сіңген осы ұғымдар бара-бара Зүһра өмірінің ең бір трагедиялық жақтарын ашып береді.

Ең ақыры қартайып, дүниеден аттанар шағында да қасында ешкім болмай, жаны шыққан кеудесі иесіз үйде төрт-бес күн жатып қалады.

Ал Мағзом Сүндетовтің «Шайтан базар» повесінің кейіпкері Дүйсен карт бүкіл рухани, сезім дүниесімен Ә.Кекілбаев бейнелеген Зүһраға мүлдем қарама-қарсы жан. Бұл керісінше барлық ләззәтті өзінің күнделікті қам-

қарекетінен табады. Аспаннан ырыс жауғанын күтіп отырмайды, әлдебіреу кеп төбесіне бақ орнатып кетер-ау деп те ойламайды. Мұның түсінігінше өмір өзінің барлық заңдылығын сақтап дамып келеді.

Бір кезде завод жұмысшысы болып істеген Дүйсекең қазіргі демалысқа шыққан шағында кішкентай бөбектерге арнап, ағаштан ойып, ойыншық жасап, онысын базарға апарып сатуды ғана ермек етеді.

Дүйсеннің бұрынырақ заводта істеп жүргенде оның қалай еңбек еткенін автор оқушыға ескертпейді, бірақ қарттың бүгінгі тірлігіне қарап отырып, оның қатарынан кейін қалмағанын, қайта әрдайым озық жүргенін пайымдайсың. Шалдың бүгінгі күнінде қызығарлық ештеме жоқ. Кемпірі қайтыс болған, жалғыз немересі Майраға қарап қалған жайы бар. Алайда, шалдың ашық аспандай таза көңілі, дос-жаранға оң пейілі осы қалыптағы бейнесін де оқушының көз алдында жоғары көтеріп тастайды.

Жасаған ойыншықтарын ол қымбатқа сатпайды. Реті келген адамға тегін де бере салады. өмірдегі жақсылық пен жамандық барлық, жоқтықпен өлшенбейді, адамның бір-біріне көрсеткен ылтипат нарқымен сипатталады. М.Сүндетов повесінде осындай ойды білдіретін сөйлемдер жоқ, тек Дүйсен қарттың мүгедек жігіт, көп баланың әкесі Қатимен, өз замандасы Мұқан қартпен, немересі Майрамен қысқа-қысқа баяндалатын арақатынасымен аңғартып отырады. Бұл жерде деталь іріктеудегі дәлдік қосымша анықтама беру сияқты шығарманың нарқын төмендететін әрекеттерден құтқара алатынын көреміз.

* * *

Мақаламызды одан әрі жалғастыра отырып, осы бағыт, осы тұрғыда тағы да біраз повесть, әңгімелер хақында өз пікірімізді ортаға салмақпыз. Әрбір шығармада белгілі бір дәрежедегі шеберліктің болуы, оқиғаны қалай құбылтса да барлық штрихтар кейіпкер психологиясы мен оны қоршаған орта ыңғайынан туындап отыруы, яғни суреттеудегі дәлдіктің қамтамасыз етілуі қажет екені баршаға ортақ ереже ғой.

Жалпы жазушылар ортасында, сыни, ғылыми еңбектерде «әдебиетке келді» деген ұғым бар. Оны адамына қарай ма, әлде жазғанына қарай ма, әркім әркімнің әдебиетке келу кезеңін әрқилы бағалап жатады. Көбіне олар бұл кезеңді жазушының алғашқы шығармасының жарыққа шығуымен байланыстырады.

Дұрысында жазушының әдебиетке келуін алғашқы еңбегімен емес, белгілі бір дәрежеде көркемдік шеберлікті меңгеруімен белгілеген дұрыс-ау дейміз. Егер, осы тұрғыдан алсақ белгілі біраз кітаптардың авторы жазушы Бек Тоғысбаевтың әдебиетке келуі оның бұдан отыз жылдай бұрын жазылған «Аққу көлі» атты әңгімесімен тұстастырар едік. (Бұл әңгіме кейбір басылымдарда «Шал мен көл» деп те аталған).

«Шымшықтың тұмсығындай» қысқа әңгімені осыншама уақыттан кейін еске алуымыздың өзі де жайдан жай емес шығар. өз басым творчествосымен жақсы таныс Б.Тоғысбаевтың жазу мәнеріндегі негізгі ерекшеліктер осы әңгімеден бастау алған деп ойлаймын. Мысал ретінде

жазушының кейін дүниеге келтірген «Намыс», «Үміт», «Шалғайда» атты повестерін оқып көріңізші. Оқиғаны беруде ең қажет детальдарды ғана іріктеп алуға күш салып, артық баяндаудан, өз кейіпкерлерінің әрекетіне «комментарий» беруден бойды аулақ ұстау сияқты жазушы талпынысы бұл шығармаларда молырақ нәтиже берген. Әсіресе, «Намыс» атты повестегі колхоз председателі Нұрбайдың төңірегіндегі оқиғалардан осыны аңғарамыз.

Кешіріңіз, біз бұл повестерді талқыламақ емеспіз. Әңгіме «Аққу көлі» жайында. Бұл әңгіме жайында аты әлемге әйгілі Шыңғыс Айтматов бір кезде былай деп жазыпты:

«Жас прозаиктің кітабындағы «Аққу көлі» атты әңгімесі маған ұнады. Автор өтеғали қарттың тағдыры мен табиғатқа деген іңкәр сезімін әсерлі баяндапты. Елуінші жылдардың екінші жартысында айналамызды қоршаған ортаны қорғау проблемасы қазіргідей күрделі емес еді, әйткенмен жас жазушы осынау тақырыпты сезімталдықпен таба білген де, өз сөзін айта алған».

Әңгіменің айтпақ идеясына еліктеп, біз өз тақырыбымыздан ауытқымақ емеспіз. Әңгіме шеберлік жайында ғой.

Міне, руль ұстаған аудан басшыларының бірі малшы ауылына келе жатып, айналасын құрақ басқан көлді көреді. Қаптаған үйрек. Әрі аққудың әсем әуенін де естиді. Айдын бетінде жүзіп жүрген сол аққудың қосақтасқан екеуін және көреді.

Ештемемен жұмысы жоқ бұл неме машинада жатқан мылтығымен үйрек атады.

«Суылдаған дыбысты естіп, жоғары қарасам екі аққу көлді бір айналып, манағы келген жағына қарай тура тартып барады екен. Аппақ қанаттарының күнге шағылысқаны болмаса манағыдай сұңқылдаған жоқ. Байқасам көл бетінде қыбыр еткен құс қалмапты. Тұнық су менің мағнасыз әрекетімді жақтырмағандай тұнжырай түсіп, қоңырқай қабақпен шығарып салды».

Бұдан әрі қарт өтеғали шыға келіп, бұл кісінің өзі қатты қорып жүрген көлден аққуды үркіткеніне қатты күйінеді. Байқаса мұның төтенше себебі бар екен. Алматыда консерваторияда оқып жүрген, бишілік өнері бар жалғыз қызы мұны сол астанаға барғанда Чайковскийдің «Аққу көлі» балетіне апарып көрсетіп, қарттың кәрі жанын мәз-мейрам етеді. Сондағы аққу биін көргелі мұның да көкейіне бір мазасыздық енеді. өз қызының сол сахнадағы өнер иелеріндей құрметке бөленуін ғана емес, он саусағынан күміс күй төгілген домбырашы қарт осы аудан басшысының ақыл салуымен сол аққу биін қос ішектің үні арқылы беруге талпынады. Әңгіме осымен аяқталады.

Былай қарасаң ұзақ оқиға. Ал осыны жазушы айтып ауыз жарымайтындай үш-төрт бетке ғана сыйғызған. Оның сыры неде? Әрине, жазушының ең қажетті штрихтерді, детальдарды ғана іріктеп ала білуінде. Дәл табылған деталь ол көп мағна береді, үлкен мазмұнға ие болады. Шығарманың ерекше құндылығы да осы тектес қасиеттерінен құралады.

Жазушы осы әдісті бұл әңгімеден отыз жылға жуық уақыттан соң жазылған, әлі сиясы да кеуіп үлгермеген «От пен күл» повесінде де («От пен күл», «Жазушы» баспасы, 1984 жыл) пайдаланған.

Егер сырт қарасаңыз бұл повестің алған ауқымы тіптен кең жатыр.

1921 жылы Іленің Балқашқа құятын тұсындағы «Қамау» деген жерді мекен еткен атақты Әкімбек болыстың үкімі әлі де болса жүріп тұр. Ақ бандылардың әрекеті тоқталмаған, оларға қарсы күрестің де ең бір қызған шағы... От пен суға түсіп жүрген қым-қиғаш адам тағдырлары.

Егер сырт бажайласақ, бұл кем дегенде қалыңдығы екі еліге жуық романға азық боларлық өмір құбылыстары. Ал Бек Тоғысбаев оның бәрін пышақ қырындай ғана жұп-жұқа повеске сиғызған. Қалай дейсіз ғой. Әрине, әрбір өмір жағдаяттарына мың түрлі қырынан қарауға болады. Б.Тоғысбаев соның қақ жарған ұтымды өзегін таба білген.

Міне, ақ бандылар әр жерде бүліншілік ұйымдастырып, әрі бой жасырып жүр. «Географпыз», «геологпыз» деген желеумен келген Ғұбайдулла, Сергеев, тағы басқа бір-екі адам ақ бандылар «көсемдерінің» бірі Анахинді ұстап, қайтып келе жатыр. Жолай қарсы беттен үш атты адам шығып, бұларды көргесін алдарына өңгерген бірдемесін тастай қашады.

Ғұбайдулла мен Сергеев келіп қараса олардың тастай қашқаны сол Әкімбектің жалшылығында көп жыл жүрген Тұрсын атты кедей жігіттің Тұрымтай атты әдемі қарындасы екен. Аузы тығындалған, қолы байлаулы, өзін кімдердің әкеле жатқанын білмейді де. Себебі, олар да бет-ауыздарын таңып алған.

Бұл жерде қатты қиналған жас сұлу Тұрымтай Ғұбайдулла мен Сергеевке де сенбейді. Алайда, бұл екеуі ұстамдылық жасап, мәселенің түбіне жетеді.

Бір кезде өздеріне көнбей кеткен кедей қызы Тұрымтайды тоқалдыққа ал, не қорла деп інісі Көбенді жұмсап отырған Әкімбек екен. Ғұбайдулла мен Сергеев қастарына серіктерін ертіп, із кесіп, алдымен Тұрсындікіне соғып, сосын Әкімбектің үйіне келсе ақ көбігі шығып тұрған ерттеулі аттарды көреді.

Әкімбек пен Көбен қанша жалтарғанмен осы аттар мойын бұрғызбайтын дәлел болып шығады. Оларды мойындаттырады. Мұның бәрін әктілеп, Ғұбайдулла мен Сергеев Тұрсындікіне қайтып келеді. Міне, осы қауырт оқиғалар үстінде кейіпкерлер образы бірте-бірте ашылып отырады. Тарамыстай ширатылған, берік сюжет құра алмайтын кейбіреулер осы жағдаяттарды көрсетеміз деп ұзақ сонар суреттеулер мен баяндауларға ұрынып, негізгі оқиғаны солардың тасасында қалдырар еді.

Жазушы шеберлігі мына тұста әсіресе айқын көрінеді. Әкімбек пен Көбен өздерін әктілеп кеткесін қарап жатпайды. Ол әкті өкімет орындарына түссе өздерінің оңбайтынын біледі.

Тез ұйымдастырудың арқасында уезд орталығы Қапал жаққа аттанған Ғұбайдулла мен Сергеевтің алдынан Қасқырбай бастаған жырыңды топтың қарсы шығуын қамтамасыз етеді. Қасқырбай Совет өкіметін өтірік жақтаған болып жүрген «комсомол белсендісі» еді. Бұлар Іленің бойында «Жиделі»

атты мекендегі «Шағырай» мұз айдынының үстінде кездеседі. Ғұбайдулла мен Сергеевтің аттары тағасыз, мұздың үстімен аттарын жетектеп жаяу келе жатқан. Ал Қасқырбай бастаған топтың астында өңкей тағалы аттар. Бір кезде Сергеев Қасқырбаймен бірге қызмет істеген екен, оған сенгесін де ме, бұлар сәл қамсыз қалады.

Тап күресінің ең бір қызған шағында олар аянсын ба? Қасқырбайлар Сергеевтерді өлтіріп, өртеп, мұз астына жіберіп, іздерін сыпырып, өшіріп кетеді. Одан әріде повесть оқиғасы тіптен қоюлайды. Қасқырбай адамның жанын алуда өзінің ескі әдісінен танбайды. Ол сәл кейінірек Тұрымтайдың ағасы Тұрсынды да қой сияқтандырып, істікке шаншып, отқа үйтіп өлтіреді.

Міне, тап күресіндегі ымырасыздық осындай ауыр трагедиялық жағдайларды тудырады. Б.Тоғысбаев қазақ даласындағы революция жалғасын көрсету үшін тау-тау кеннен иненің жасуындай ұсақ алтын түйіршектерін іздестірген қажымас жұмыскердей өзіне ең қажет штрихтерді тауып, шығарма композициясын сол арқылы құрған. Сосын да ол ұзақ сонар баяндаулардың, түсініктемелердің қажеттігінен құтылған. Сюжеттік желі әртүрлі болады, бірі аз сөзбен көп өмірдің қыртысын ашуға септігін тигізеді, енді бірі көп сөзбен аз нәрсені ғана аңғартуға мүмкіндік береді. Б.Тоғысбаев бұлардың алғашқысын таңдаған.

Соңғы кезде біреу сында Б.Тоғысбаевтің осы «От пен күл» повесінде бұрынғы революция тақырыбына жазылған шығармаларды қайталаушылық бар деген кінә тағылды. Біз бұл кінәні растай алмаймыз, себебі, Б.Тоғысбаев өз повесінде өзгеше сүрлеу тартып, сол кездің қым-қуыт құбылыстарына тың қырынан қарағаны көрер көзге ап-айқын. Оны жоғарыда біз келтірген деталь, штрихтардан да түйсінуге болады.

Повесте біз байқаған бір кемшілік автордың ара-тұра натурализмге ұрынатындығы дер едік.

Ал енді бір қаламгер, бұл да сан кітаптың авторы – Қалдарбек Найманбаевтың жазушы ретіндегі өсу жолы түп-түзу, үнемі сәтті бола берді дей алмаймыз. Бұрындар біраз кітаптарын оқырман жұртшылық, жасыратыны жоқ, әрқилы қарсы алды. Баспасөз бетінде қатал үкім айтып, шоқпар жұмсаған, айбын көрсеткен сыншылар да болды. Біз ол сындарды жоққа шығарып, Қалдарбектің бұрын-соңғы жазғандарын тегіс ақтап алмақ та емеспіз. Тек оның әдебиетке келу жолының Бек Тоғысбаевтың қадамдарына қарағанда әлдеқайда күрделі болғанын еске салмақшымыз. Өмірдегі адамдар әртүрлі. Баспасөз бетінен бір ауыз сын естіген кейбір авторлардың екі көзі қанға толып, ішкені ірің, жегені желім болып, «қас пен досын» ажыратып, жылдар бойы сандалсоқтап жүргеніне өзіміз куәміз. Қалдарбек өйткен жоқ. Өзіне айтылған қатаң сынға да, ара-тұра қолпаштау сөздерге де бірдей салқынқандылықпен қарай білді. Бұл оның сөз жоқ, табиғатында жазушылық қабілет бар екендігінің белгісі. Сондықтан да ол жазу өнерін бір күндік ісі ғана емес, бүкіл өмірін арнайтын шаруасы деп біліп, мақтағанда тасынып, даттағанға қарсы таяқ әзірлеу сияқты арзан тірлік, пендешілікке жігерін сарп етуді ойламады.

Көлемді повесть – «Көкем екеуміз» Қалдарбектің жасындағы жазушылардың соқпай өте алмайтын тақырыбына, соғыстан кейінгі ауыл өміріне, майданнан қайтқан кем-кетіктердің, жесір әйелдердің, кемпір-шалдардың сол бір қиын кезге лайық жанкешті тірлігіне арналған. Повесть оқиғасында пәлендей үлкен жаңалық жоқ. Бірақ солай екен деп кекіріне қою да лайықсыз. Сабырлы баяндаудың желісіне түсіп, бірге аяңдайсың.

«Біз Сырдария деп аталатын үлкен станцияның жанындағы жүдеулеу қыстақта тұрыппыз. Ағайын-туғанның да асып бара жатқан түгі жоқ, қатын-қалашқа қарап қалған төрт-бес үй екен. Бір білетінім – ауылдағы қарайғанның бәрі мақташы. Иықтарында бір-бір кетпен. Таң атпай кетіп, түн қараңғылығында бір-ақ оралады. Мақта терім кезіндегі қарбаласты тіпті сұрамаңыз. Үлкен-кіші түгел күн-түн демейді. Тәулік бойы сабылып жүргендері» деп жазады автор повесінің алғашқы беттерінің бірінде. Сол кезге тән жүдеу тірлік көрінісі.

Тоғыз жасар Нұртас (повесть осы баланың атынан баяндалады) өз шешесінің (оны апам деп атайды) тыным таптырмайтын, алқын-жұлқын еңбегіне аянышпен қарайды. Әке соғыс кезінде өлген. Жесір шеше бір баланың жалғыз сүйенері де, аяры да. Оның қабағына сәл кірбің түссе бұл жүрегіне ауыр алады. Жас бала тіпті қатты торығады да. Міне, қараңыз. Бұл үйге балдағын тарсылдатып бөгде біреу кірді. Жай жүрген біреу деп, алғашында оған немқұрайды қараған бала бара-бара бір сұмдықтың шет-пұшпағын сезе бастайды. Байқаса бұл Нұртасқа әке орнына әке болмақшы екен. Нұртас оны қалай қабылдасын. Жан-тәнімен қарсы болады. Міне осы қарсылықты көрсетуде Қалдарбек біраз ұтымды штрихтерді іріктей білген.

Балдақты Құрманның жат семьяға кіруі, баланың оған бірте-бірте бауыр басуы табиғи түрде берілгендіктен, автордың айтып отырғанына риясыз сенесің. Бала көңлін жаулау ол қиын іс. Құрман оған әлдеқалай бір айлакерлікпен жеткен жоқ. Оның бар білгені (бір аяғының жоқтығына қарамастан ол мұраб болып істейтін) елім-телім боп үнемі колхоз жұмысында жүретін. Көбіне ол қасына Нұртасты ертетін. Оның адал еңбекке ғана көңіл-хошы бар, басқа еш қитұрқы әрекетке ары бармайтын адам екеніне бөгде біреудің көмегінсіз, өз түйсінуімен жетті. Міне, осы процеске повесте көп орын берілген.

«Қазіргі кей қыз жиырма бесінде «жаспын» деп көстеңдеуден тайынбайды. Бүгінгі қалыпқа қарағанда о кездер апам тіптен жас екен-ау. Бар-жоғы он тоғыздар шамасында болса керек» деп жазады автор. Бұл Нұртастың әкесінен қаралы қағаз келген кезде. Иә, он тоғыз жасар жесір әйел, Нұртасын арқалап өсіріп келе жатыр. Ал Құрманның бұл үйге кіргені Нұртастың тоғыз жасында. Сонда шамасы анасы ол кезде жиырма бес пен отыздың арасында болса керек. Ал повесте суреттеліп отырған Жаңылдың (Нұртастың шешесінің) қам-қарекеті, психологиясы оны бүгінгі қырық-елулердегі сары қарын әйелдерге қатты ұқсатады. Бұл үшін де жазушыны кінәлай алмаймыз. Соғыс зардабы, қабырғаны қайыстырған ауыр еңбек, қайғылы хал – Жаңылды ерте есейткен. Ол баласы Нұртастың да, балдақты

жары Құрманның да қабағына қарайды. Екеуінің арасында достық нышаны байқалған сайын арманына жетуге екі-ақ елі қалғандай қуанышқа бөленеді.

Кейін екі қабат болып, босану үстінде қайғылы қазаға ұшыраған сәтте де Жаңылдың сол бір сәттері көз алдымызда қоса көлбеңдеп, оның жарлы өмірінің сан түрлі тарауларын ойша шоласың.

Алайда, повестің басты желісі Нұртас пен балдақты әке Құрманның арасындағы қатынасқа құрылған. Мұраб Құрман кемтарлығына қарамай колхоз шаруасы үшін жанын сала еңбек етеді. Қ.Найманбаев суреттеп отырған оңтүстік аудандар үшін судың қадірі ерекше. Біз оны повестегі суреттеулерден ұғамыз. Мына бір екі абзацты келтіре кетейікші.

«Сізге өтірік, маған шын, біздің ауылдың аптабына, әсіресе, шілдеде шыдау қиын. Күн ұясынан көтерілсе болды, төңірек түгел өртеніп шыға келеді. Сол өрт күн еңкейгенше бір басылмайды. Ал, түс әлетіндегіні тіпті қоя бер. Үйден жалаң аяқ шықсаң, шоқ басқандай боласың (о кезде жаз бойы жалаңақ жүретінбіз), сәл жүрсең төбеңнен ыстық су құйып жібергендей, ащы терге малынып шыға келесің. Ондайда көз ашудың өзі қазабат, ал, айналаға қарасаң, бәрі аппақ, арықтың жағасындағы таздың шашындай селдіреген ағаштар да аппақ. Жоқ, айтып жеткізу мүмкін емес».

«Біздің жақта жер бетіне қылтиып шыққан көк біткен су болмаса ілезде құрап кетеді. Ал, қоза дегеніміз әлгі көк біткеннің еркетотайы. Шөлдеуік болғанда қоя беріңіз. Уақтысында қанып алмаса қап-қара боп түтігіп шыға келеді. Енді қайтсін, жаздағы аптап жанын қоярға жер таптырмайды. Амал жоқ, әр мақташы арықтағы суды шелектеп өлшеуге әзір. Әйтпесе, көктемнен бергі бейнеттің бәрі босқа кетеді».

Иә, су, су. Осындай сусамыр жер жағдайын бүгінгі күнімізге арналған «Керімсалдан кейін» атты триптихты оқып отырғанда да түйсінеміз.

Ал, соғыс, не соғыстан кейінгі кезеңдегі су жағдайы біз сөз еткен шығармада суреттелгендей тіпті қиын екені даусыз. Ал Құрман өз жұмысының ел жағдайы үшін қандай маңызы барын жақсы түсінеді. Нұртастың өмір бойы есінде қалған – Құрманның су ұрлаған Дайрабаймен төбелесі, арықты су жырып кеткенде оны топырақ, шыммен бекіте алмағасын өз кеудесімен барып бөгесін жасауы – повестің ең шұрайлы беттері арналған оқиғалар. Сол кездегі шаруашылықтар Құрман сияқты адамдардың жалғыз аяғына сүйеніп тұрған екен ғой деген ойға тағы бір оралып соғасың.

Нұртастың шешесі өлді. Бірақ Құрманның өзін Нұртаспен жалғастырып тұрған буын үзілгенмен оған деген көңілі сол күйінде екен. Ол өз туған баласындай етіп, Нұртасты оқыттырады, үйлендіреді. Ақыры Құрманның өзі қаза болғанда Нұртас басындағы азалы халдің түп-төркінін түгел түйсінген күйде тұрамыз.

Құрман бейнесін жасауда автор адам мен адам арасындағы қатынастың қандай жарқылға ие болатынын, адамдағы риясыздықтың, қалтқысыздықтың қандай биікке көтеріле алатынын көрсетуді мақсат тұтқан сияқты. Ол мақсат орындалған. Соғыс деген ол біздің халқымыздың басына түскен ауыр сын болды. Оны үлкен де, кіші де бәрі де көтерді. Соның барысында нелер бір

адам асылдары жарқырап көрінді. (Ол бізге тарихтан да, әдебиеттен де белгілі). Соның бірі Құрман.

Повесте Нұртастың қаладан алған келіншегі Әлима, оның шешесі профессор образдары да бар. Бірақ олардың бәрі Құрман бейнесінің тасасында қалады. Шығарманың негізгі жүгін көтеріп тұрған осы Құрман, сушы Құрман, сусамыр жерге су жеткізу үшін жанын пида еткен Құрман, Нұртастың адам болып қалыптасуы үшін бар өмірін арнаған Құрман.

Ал шығарма кемшіліксіз болмайды, сол кемшіліктері бар ма дегенге біз іркілместен бар деп жауап берер едік. Біріншіден, повесть оқиғасы Нұртас өмірінің хронологиясына ұқсатылып берілген. Мұны ұтымды әдіс дей алмаймыз. Бұл повестің құрылымын шымыр етуге кедергі жасап баққан. Әр тұсынан байқалатын босандықтар соның кесірінен туған. Екінші бір байқалған жәйт диалогтардың шамадан тыс көптігі. Екі кейіпкер жолықса жазушы кей жағдайда солардың арасындағы болған әңгімені қаз-қалпында түгел беруге тырысатын сияқты. Кейбіреулерін автор баяндау арқылы жеткізіп, ең түйінділерін ғана келтірсе повестің мазмұндылығы артар еді.

Құрманға ұқсас кейіпкерді біз Қ.Найманбаевтың «Түнгі жол» повесінен де кездестіреміз. Бұл да бір аяғынан айрылған, балдақпен жүреді, аты Мейрам. Майданнан қайтқандағы мүгедек халіне қарамастан соғыстың қақап тұрған күндерінде тылдағы ел өмірінің ең бір ауырын көтергісі келеді. Солай істейді де. Бірақ бұл жасаған ерлік Құрман ерлігінен басқашарақ жағдайда өтеді. Ақкентте Октябрь мейрамында жалау етіп ілу үшін Алматыдан екі тай қызыл сәтен әкелуге тым асығыс аттандырылған Мейрамның ойда жоқта ерлік жасауына тура келеді. Алматыдан алар сәтенін алып, қайтуға келгенде ол поезға міне алмайды. Мерекеге бір-ақ күн қалған. Уақыт өте тығыз еді. Не істеу керек? Қолында балдақ. Арқасында екі қап ауыр жүк – сәтен. Ол осы қалпымен-ақ жүк поезының бір вагонына тәуекелге барып, қарғып мінеді. Артынша-ақ осы вагонға қайдан шыққаны белгісіз бір қарақшы, ұрылар да мінеді. Ұрылар мен Мейрам арасында ауызша сөзбен шайқас басталады. Ұрылар өз «жемтігін» жеуге асықпайды. Ақкенттен ары өтіп, Тастыға барамын деген Мейрамның сөзіне сеніп қалады олар. Бірақ Ақкентке тоқтай бере Мейрам күтпеген ерлік жасап, ұрылардың бәрін патрульдің қолына түсіреді. Осы оқиға үстінде, әрі Мейрамның еске түсірулері арқылы берілген Алматыға бара жатқанда кездескен жолаушы шалға көрсеткен адамгершілігінен бас кейіпкердің абзал жүрегін танимыз. Ол кез келген сәтте тұншықтыра салуы мүмкін ұрылармен оңаша жел азынаған суық вагонда отырғанмен батыста қан майданда болып жатқан сұрапыл соғысты ойлайды, арқасындағы екі қапшық сәтенді қайтсем де уақтылы апарсам екен деп армандайды.

Ұрыларды суреттеуге келгенде Қ.Найманбаев біраз шеберлік танытады. Олар осынау ауыр күндерде қара бастың қамын ойлап, біреудің үйіне түсіп, біреуді өлтіріп, тағы сондай алаяқтықпен күн көріп жүргендер. Оларға оқырман соншама жиіркенішпен қарайды. Ешқайсысының есімін білмейтін Мейрамның көз алдында олардың әрқайсысы өз мінез, өз сөз мәнерімен даралана түседі.

Жазушының бір әнтек кеткен жері Мейрамды осы вагон ішінде тым ержүрек етіп жібергендігі ме дейміз. Кей жағдайда жалғыз Мейрам батыл сөйлеймін деп, көп қарақшының шабына өзі тиетін сияқты. Тағы жоғарыда келтірілген «Көкем екеуіздегідей» мұнда да басы артық диалог сөздер кездесіп қалады екен. Бұл Қалдарбек Найманбаевтың біраз шығармаларына тән кемшілік. Мысалы, «Беймезгіл қонақ» повесінен де осыны аңғардық.

Бұл соңғы шығарма бүгінгі күнімізге арналған. «Беймезгіл қонақтағы» замана серісі Жомарт Жорабековичтің бейнесі оқушыны еліктірмей қоймайды. Жып-жып етіп, майға сұққан қасықтай ойнап тұрған ол тап өмірдің өзінен ойып алынған кейіпкерге ұқсайды. Жүріс-тұрысы, істеген әрекеттерінде де бір жаңсақтық жоқ. Ұсақ-түйек қателік дегендерің мұндай адамдардың басында болмайды. Тек бір үлкен қателік қана – бүкіл өмірлік позициясында жүреді. Содан барып қана бір тосқауыл табады. Ескіше айтқанда «құласа нардан құлайтынның» өзі.

Оқуға түсе алмай, аз ғана уақыт көңіл-күйі бей-жай болып қалған жас қыз Әсияны айлакерлікпен қолға түсірген институт мұғалімі, бүгінгі күннің майталманы Жомарт Жорабекович бәрін дұрыс-ақ істеген сияқты еді. Ол Әсияны қолына мықтап түсіріп, тіпті оған үйленіп алғанмен табанының астынан топырақ сусып бара жатқанын сезеді. Есейіңкіреп, алды-артын байқастай бастаған Әсия өз жүрегіне жақын тұрған Нұржанды жолықтырады. Майталман деп отырған Жомарт Жорабековичтің сондағы түрін көрсеңізші. Бұдан бұрынырақ тауды қопарып жіберетіндей көрінген оның бейшаралық қалпына жаның қалай да ашиды. Адам уақыт алдында ғана дәрменсіз екен. Жер ортаға кеп қалған Жомарт Жорабековичтің басындағы трагедияны осыдан көреміз.

Бұл повесте редакторлық қысқарту, түзетуден бе, жоқ автордың өз жаңсақтығынан кеткен бе, әйтеуір оқыс қателіктерді де көрдік. Мысалы, шығарманың ең бастапқы және ең соңғы абзацтарын түсіне алмай қойдық. Тағы осында аттары аталған, бірақ повестің өнебойында кездеспеген Нұртас, Үрия дегендер кімдер екені де белгісіз.

Жалпы Қ.Найманбаевтың тілі жеңіл, оқушысын тартып отырады. Адамды елең еткізетін ұтымды табиғат суреттері де аз емес.

«Тау жақтан қанжардай жалаңдаған ызғар соғып тұр. Сонау құзардан төніп кеп қалған қалың нөпір де қаһарына мінген тәрізді, көз жетер айналаның көп тұсы әлден тасаланып қапты. Әлгінде ғана аттап бассаң аткөпір боп жатқан әлсіз жапырақтар ықтасын іздеп жөңкіп жүр. Жол соқты болған көнетоз вагондар қыстан қалған қиқы-жиқы шөмеледен аумайды, кірпігіне ілініп эзер тұрған сияқты». «Түнгі жол» повесінен алынған осы үзінді жазушының тіл шеберлігінен біраз хабар береді.

Ал композициялық құрылым, сюжет, диалог жөнінде жазушының әлі де біраз іздене түскенін қалар едік.

Дулат Исабековтың біраз шығармалары ара-тұра сыналғанмен негізінде жақсы аталып жүр. Алайда жақсы аталу бар да, талқыға алынған шығарманың шын мәнінде жақсы болуы бар. өнер дүниесінде кереғар пікірлер кездесе береді дегенмен де әділ пікір бірде болмаса бірде үстемдік

алып, жасыл туын жайнатпай қоймайды. Алайда, Дулат шығармаларына қара қылды қақ жарар әділ төрелікті біз ғана бере аламыз деп, артық абыройға да дәмеленгіміз жоқ. Кезінде «Сүйекші», «Тіршілік» повестеріне берілген бірқыдыру жақсы пікірлер айтушылармен де жағаласпақ ойымыз жоқ.

Тек оның бергенінен берері көп екенін ескере отырып, жақсылығы болған күнде де ол өз игілігі ғой, ол ешқайда қашпайды деген оймен, мақаламыздың тақырыбы деталь іріктеуге байланысты кейбір өзіміз байқаған Дулатқа тән олқылықтарды айтпақпыз. Бұл олқылықтар әсіресе Дулаттың бұрын «Жалын» альманағында жарияланып, кейін «Қарашаңырақ» атты көлемді жинағына енген «Кеш туған жұлдыз» повесінде көп жинақталған екен. Кәне осы повеске талдау жасап көрелік.

Ерлі-зайыпты жастар Ермекбай мен Кәмшат тату-тәтті өмір сүріп жүргенде колхоз бастығы Бектемірдің (бұл бойдақ) Кәмшатқа көңілі ауады. Мұны байқаған Бектемірдің бірнеше байға тиіп шыққан ысқаяқ қарындасы Әсилә Кәмшатты ағасына қосып, Ермекбайды өзіне тартып алу үшін отасқанына біраз жыл ғана болған екеуінің арасына от тастайды. Бектемірдің атынан Кәмшатқа хат жазады. Бір жайдан Кәмшаттың өзі де Бектемірге «кет әрі» емес. Ақырында өз көңілін саудаға салып, басы мәңгірген Кәмшат күйеуі Ермекбайға өзіне Бектемірдің хат жазғанын айтып салады. Бірақ мансап аңсаған Ермекбай бастығы Бектемірге қарсы бара алмай, шектен тыс намыссыздық көрсетеді. Міне оның осы намыссыздығына өртенген Кәмшат Ермекбайдан кетіп қалады. Кейін Ермекбайдың Әсилаға үйленгенін естиді.

Оқиға осы, ал оқып отырғанда көңілге оралатын пікірлер мынадай:

Ең алдымен оқиғаның негізгі түйіні Кәмшат баладай аңқау болып көрінеді. Иә, өмірде аңқау адамдар баршылық, бірақ аңқаулық шегінен әрі өтіп кетіп, іс-қимылына басқалар тұрмақ өзі есеп бере алмайтын, жаны, жүйкесі, тіпті дұрыс ақыл-есі жоқ сияқты көрінген кейіпкерлерді қалай түсінеміз? Жә, оны да қоя тұралық. Кәмшат өз күйеуі Ермекбайды жақсы көре тұрып, Бектемірге қалайша «кет әрі» бола алмады. Мүмкін Ермекбай үйреніскен жары болғанымен де шын жүрек қалауына сай келген Бектемір шығар. Олай болса автордың қаламына жыр шерткізіп, төгілтіп жазатыны осы түс еді ғой. Неге одан тартыншақтап, бұл жайын жете ашпай қойғанын түсіне алмаймыз.

Ал Ермекбай повестің үштен екісін оқып болғанша еңбек сүйгіш, жақсы жар, адал жігіт ретінде көрініп келіп, тап өз әйелі Камшаттың Бектемірге көңілі ауғаны айқын болған тұстан бастап қана оның бойындағы теріс қылықтар, шектен тыс мансапқорлығы байқала бастайды. Мұны автор Кәмшаттың Бектемірге көңілі ауғандығын ақтау үшін ғана істеп отыр деп оқушының ойлап қалуы әбден ықтимал. Демек, Ермекбайдың бейнесін күрт құбылтып жібермей, түү бастан оның өзіндік ерекшеліктерін даралап көрсете беру керек еді.

Мұндағы ең солғын шыққан Бектемір образы. Мұның да басқа әйел жетпегендей қоластындағы Ермекбайдың әйеліне көз тігуін ақтай алмайсың. Жарайды ақтамай-ақ қоялық. Мүмкін оны автордың өзі де ақтағысы келмейтін шығар. Алайда, ол қалайда адам, оның Кәмшатқа еліккен көңілін

оқушының көргісі келеді. Бірақ ол жоқ, автор бұл солай деп қана оқушыны хабардар етіп кетеді. Бір жайдан автор оны әсірелеп, ұнамды кейіпкер ретінде көрсетпек болғанға ұқсайды. Басқасын былай қойғанда Кәмшаттың «Кеш туған жұлдызы» осы ғой. Осы қасиетін айқынырақ көрсетейін деген оймен бұл тіркесті повеске атау етіпті.

Ал Әсилаға келетін болсақ бұл жөнінде де автордың тапқан жаңалығы шамалы. Тап осы тақілеттес кейіпкерлерді талай кітаптан кездестіреміз. Тағы повесте өмірде бола қоюы екіталай кейбір оқыс көріністер де байқалады. өзін Бектемірден қызғана қоймаған күйеуі Ермекбайдың намыссыздығына күйінген Кәмшат үйден жүгіре шығып, Бектемірдің үйіне бара бергенде ашық терезеден сол Бектемірдің Әсилаға ұрсып тұрғанын естиді:

«Ағаңнан ұялсаң етті. Бір тумасақ та нағашы ағаңмын ғой. Айтсам оны ұнатқанымды айттым, көндіріп бер дедім бе саған? Бекер араласқансың, ұят емес пе бұл. Менде де тіл бар ғой, – деп Бектемір жиен қарындасына ұрсып тұр».

Демек, Бектемір Әсиланың жалған хат жазып, Кәмшат пен Ермекбайдың арасына от тастағаны үшін ұрсып тұр. Ал Кәмшаттың ол үйге келгенде дәл осы сөздерді естіп қалуын табиғи деп айту қиын. «Мың бір түннің», немесе басқа да бір ертегінің оқиғасына ұқсап кетеді. Әсиланың ішкі арам ойына Кәмшаттың көзін жеткізу үшін басқа бір сенімдірек штрихтар табу керек еді.

Д.Исабековтың осы повесін оқи бастағанда оқиғасынан кейбір логикалық қайшылықтарды көріп, автор әлдеқандай ой айтуға тырысып, характерлер әрекетін солай қарай әдейілеп, тартқылап тұр ма деп қаласың. Бірақ аяғына жеткенде біреудің екіншіге көзқарасын, жасаған қиянатын құр баяндап шыққаннан басқа ештеме таба алмадық.

Бұл жөнінде біз Дулатқа тым тайыз қалқымай, үлкен әлеуметтік оқиғаларға, ойларға қарай талпынғаның жөн дер едік.

Біздің прозамызда әлі күнге дейін қалмай келе жатқан бір дағды шығарманың өн бойында осындай жалаң баяндаулармен бірге бір кейіпкерді сүттен ақ, судан таза етіп, алақанда аялап әлпештейміз де, екінші бір кейіпкерді жата жамандап, оның басына төкпеген қоқсығымыз қалмайды. Әрине, бұл бүгінгі қазақ әдебиеті үшін ескіріп, күні озған тәсіл.

Алайда мұны әлі де жиі көреміз. Мырзабек Дүйсенов талай прозалық шығармаларын жарыққа шығарған танымал автор. Алайда «Ант» атты повестер жинағын оқып шығып, талай кітапты дүниеге әкеліп, саусақтары сартап болған автордың жазғаны осы ма деп, қатты қиналды.

Жинақ үш повестен тұрады. Мұның ішіндегі көлемдісі «Ана мен бала» атты повесть. Ең алдымен осыған тоқталайық.

Повесть жас ана Сәбираның шектен тыс мейірбандылығын көрсетуге арналған. Автор бұл ретте пәлендей жаңалық ашудан аулақ, тіпті ондай аттыға талпынысын да көре алмаймыз. Әйтеуір сылбыр оқиғалар тізбегін құрып, Сәбираның жақсы қасиеттерін тізбектеп көрсетудің қамын жасап баққан.

Сәбира өзінен тумаса да жас бала Бодашқа барлық аналық мейірімін төгеді. Алғашқыда Бодаштың әкесіне қосылып, кейін одан ажырап кеткесінде, шын аналық мейірімді сезген бала туған әкесіне бармай Сәбираның қолында қалып қояды. Міне, осы сюжетті автор Сәбираның адамшылық бейнесін ашу үшін пайдаланған. Алайда, шығарманы оқып отырсаңыз, бұл көркем туындыдан гөрі жалаң мақтау сөзге көбірек ұқсап кетеді. Бұл әрине сенімді детальдардың аздығынан, тіпті өте аздығынан. Адамда қандай жақсы қасиет болуы мүмкін болса, соның бәрі Сәбираның бір басына үйіліп-төгілген. Әрине, өмірде мұндай адамдар бар да шығар, бірақ көркем шығарма болғасын кейіпкердің ішкі жан-дүниесіне тереңірек үңіліп, өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты ашу керек-ақ еді. Ал мына повесте Сәбира ойы, мінезі, психологиясы бар адам емес, алтынмен апталып, күміспен күптелген жалтырауық жансыз мүсін сияқты.

Сәбираға қарама-қарсы қойылған кейіпкер Зәлу. Бұл көрші тұратын әйел. Ал мұның бойына керісінше, барлық жамандық атаулыны үймелете берген. Сәбираны күндеп, оны сыртынан өсек тарататын да Зәлу, баласын жөндеп тәрбиелемей, бұзақы қылып өсірген де Зәлу, күйеуіне «сен қашан министр боласың» деп тыныштық бермейтін де Зәлу, ең ақыры баласын емтиханнан құлатқан институт мұғаліміне пара ұсынатын да Зәлу. Тағы басқа, Зәлу істеген теріс қылықтар қаншама десеңізші. Мұндай керекті, керексіз штрихтарды санап тауысу мүмкін емес. Шығарманың өне бойында осылай. Зәлудің жылт еткен жарқын жүзін көре алмайсың. Қашан болса да іші-тысы арамдық пен жамандыққа толы жүреді.

Сәбираны соншама сүттен ақ, судан таза етіп, ал Зәлуге қара бояуды соншама бағтастырып жағудан автор ешнәрсе ұтпаған. Сондай-ақ, бұлардың балалары да (Беркін мен Бодаш) жақсы, жаман қасиеттерімен бір-біріне қарама-қарсы қойылған.

Мысалы, Сәбираның баласы Беркін жақсы болып көрінеді де, Зәлудің баласы Бодаш қылмыс жасап, түрмеге түседі. Бұл да автор емеурінінен байқалатындай Сәбираның жақсы тәрбие беріп, Зәлудің тәрбие бере алмауынан екен. Апырау, екі әйелді осыншама бір-біріне қарама-қарсы қоймаса қайтер еді? Жақсылықтың да бір олқы жағы, жамандықтың да аракідік бір игі нышаны болатынын автордың сезінбеуі таңырқарлық жай. Жақсы мен жаманның төңірегінде жоғарыда айтқан пікірлерімізді қайталап жатудың қажеті жоқ, тек аталмыш шығармада бұл хақында табиғилықтың қарасын көре алмағанымызға қынжылғанымызды ғана ортаға салмақпыз.

Келесі «Ант», «Қалыңдық» повестерінде де автор осы шеңбер құрсауын бұзып шыға алмаған, бұлар да өмірде болуы ықтимал оқиғалардың жеңіл тізбегінен тұрады.

Біраз повестер мен әңгімелердің авторы Мұхтар Мағауин творчествосы да ешбір жалтақтаусыз сын тезіне алынуын қажет етеді.

Кезінде «Жалын» альманағында жарық көрген, кейін «Бір атаның балалары» атты жинағына енген «Қара қыз» атты повесінен өзіміз оқыған М.Мағауин шығармаларына бір жайдан ортақ деуге болатын кемшіліктерді көреміз.

«Қара қыз» повесі басы буырыл тартқан ғалымның бүгінгі өмірі мен өткен жастық шағын көрсетуге арналады. Оқиға жас келіншектің алыс қаладағы күйеуіне жазған хатынан басталады. Жарты бет хатты оқып шыққанша неше қабат сүрінесің. Бір жолы екінші жолына кезмайыс келіп, әрі сөз саптауы жазып отырған жас келіншек емес, басқа біреу болды ғой дегендей күдікті ойда қаласың. Одан ары басы бурыл тартқан ғалымның бір емес, неше еркекті алып жерлік қауқары бар тайқардай әйелімен салғыласуы берілген.

Автордың әр адамға тән сөйлеу тәсілі болатынын ескермеуі, әрі сөйлем құрудағы салдыр-салақтық негізінде диалогтан тұратын осы бөлімді олақ аудармаға ұқсатады.

Жә, оны қоя тұралық. Осы диалогтарды оқығанды адамның жиіркенетіні қалай? Бұл жер ортаға келген ғылым адамы мен оның әйелі арасындағы әңгіме еді ғой. Мысал келтірейік (бірінші сөз әйелінікі):

«— ... жылағың келеді.

— Иә. Дәп солай. Бірақ сенің не үшін жылағың келетінін білем. Сен ләззат әлемінің есігін алғаш ашқан шағынды, бура сан, арыс кеуде ашына жігіттеріңді аңсап жылағың келетін болар.

Ал мен...

— Сен әбден бұзылған кісісің. Қайдағы жоқты ойлап табасың да, адамға тыныштық бермейсің. өзің де...

— Ал, мен болсам...

— Сен де менің қолыма тап-таза күйінде жеткен жоқсың! Мен бір күйеуден шықсам, сен бір әйел тастаған болатынсың.

— Апыр-ай, қоя тұршы енді!

— Сенің әйелің ауылдың жаман қаратабан қызы еді, ал менің күйеуім дөй деген қызметкер болатын.

— Сенің әйелің жиырмада болса, менің күйеуім одан үш есе үлкен — тура алпыста еді деуді ұмытпа. Бұл да артықшылық.

— Ну... Мәселе кісінде ғой.

— Кісі танығыштығында қапы жоқ сенің. Күйеуіңмен айрылысуыңа себеп болған, әлгі он сегіз жасар Эрик деген бала да тамаша жігіт еді-ау. Жаңылмасам, сол сабаз кейін көшеде әлдекімдерді тонап, түрмеге кетті ғой деймін».

Мүмкін бұл жерде ғалым жас кезінде жіберген қателіктерінің зардабын шегіп отырған шығар. Ол қандай қателіктер екен? Бұдан ары профессор Атаханов Бексейіттің жастық шағын еске түсірулері кетеді.

Ендігі оқиға былай: Бексейіт жас кезінде ауылға демалысқа барғанда айдалада тезек теріп жүрген «он екіде бір гүлі ашылмаған» жас қызды жолықтырып, табанда зорлайды. Сосын масқарасын шығарған қызды ауыл жаққа жіберіп, өзі артынан келеді. Қыздың аты Айгүл. Айгүл жетім екен. Оны келген бетінде дойыр мінезді жеңгесі жерден алып, жерге салып жатқанда сол жерде Бексейітпен бірге шофер жігіт пайда бола кетеді. Ол да майға сұққан қасықтай жылпылдап тұрған біреу екен. Қызды дереу сол жерде Бексейітпен бірге Алматыға аттандырып жібереді.

Міне енді ойлап қараңызшы.

Кейіпкер характеріне сиыспайтын деталь деген осындайдан шығады. Жаңа ғана соншама жырынды көрінген Бексейіт табан астында семья құрудың қамын ойлай қалыпты. Повесті оқып отырған оқушы мың жерден балталасаң да бұған сене алмайды. Адам бойындағы жырындылықтың табиғаты бөлек, таба білген адамға оның өз көріністері, өз дамуы бар.

Егер Бексейіт қандай да бір сыртқа күштердің қысымымен, белгілі бір жағдаймен Айгүлге қосылуға мәжбүр болса, онда әңгіме басқа. Себебі, қандай да жырынды, айлакер адамдардың тас қабырғаға соғылғанда тез жуаси қалатыны табиғи ғой.

Иә, сосын...

Жас семья Алматыда біреудің пәтерін жалдап тұрып жатады. Бексейіт аспирант еді. Стипендиясының жартысы пәтер ақыға кетеді. Әбден таршылық көреді. Бірақ Айгүл оны-мұны жұмыс істеп, тамақтық қаражат тауып отырады. Ақыры ол босанып қыз туады. Бексейіт болса күні-түні диссертациясын жазуда.

Ақыры қорғайтын күн жеткенде, ол қорғай алмай қалады. Сосын ол көршілерден қарыз ақша алып, Москваға кетеді. (Көрінгеннің кірін жуып, тамақтық ақшаны әрең тауып жүргендерге Москваға баруға жететіндей соншама ақшаны кім қарызға бере қойды екен?) Онда қыс бойы болады. Оған өзі балалы Айгүл тырнақтап тауып, ақша жіберіп тұрады. Ақыры Бексейіт қайтып келіп, сәтті қорғайды. Айгүлдің ауылдағы туысқандарынан алдырған ақшасына банкет өткізеді. Апырау, ол аулында жеңгесінен тепкі көріп жүрген жетім қыз емес пе еді? Тағы кім оған банкетте көл-көсір той жасауға ақша жіберіп жүрген? Ондай керек кезде, қысылғанда жәрдем беретін, қолы ашық жомарт туысқандары болса олар бұрынырақ неге ескертілмеген? Реалистік шығармада қатаң өмір шындығы осындай ұсақ жәйттерден тұратынын ескерсек мұның өзі көзге бадырайып тұрған үлкен мін. Ойда жоқ жерде «анау сөйтті, мынау сөйтті» дегенге оқушы қауым илана қоя ма? Не жағдайдың да бір негізі, әрі оған оқырманды дайындап әкелу деген бар емес пе?

Банкеттен қайтар жолда-ақ Бексейіт Айгүлден жери бастайды. «Алақаның ескі тулақтай, қолыңды алып, құттықтаған елден ұялдым» – дейді. Міне, детальдың дұрыс еместігі тағы алдымыздан шықты. Тағы да автор кейіпкер психологиясынан ауытқып кетіп отыр. Жырынды, айлакер Бексейіт өз туысқандарынан қарыз ақша алып, банкеттік ақша тауып берген, әрі автордың айтуынша талай уақыт бұл Москвада жүргенде жұрттың кір-қоңын жуып қаржы жіберіп тұрған Айгүлге тап жаңағы банкеттен қайтар жолда олай айтуы мүмкін емес. Әрине, Айгүл Бексейітке уақытша ғана керек болған шығар. Бірақ соның өзінде де Айгүлге уақытша көлгірсіген бір ылтисипат көрсетуі заңды еді ғой.

Бексейіт сынды адамға бұл өте тән. Еңғұрмаса сөйтіп алдаусыратуға тұрмайтындай Айгүл қанша айтқанмен ағаш емес, адам ғой.

Осы шығармадағы тағы бір үлкен мін – Бексейіт кандидаттық диссертациясын Алматыда неге қорғай алмады, Москвада қалай қорғап келді,

бұған не себеп, ол жайында автор жұмған аузын ашпайды. Әрі оның ғылыми жұмысының нарқы қаншалық, ол жөнінде де еш хабар жоқ.

Ақыры Бексейіт жоғарыда өзі салғыласатын Гүлжиһанмен танысып, жүре бастайды. Мұны Айгүл байқайды. Ақыры қатты түңілген Айгүл аулына кетіп қалды. Бексейіт сол жезөкше әйел Гүлжиһанға үйленеді. (Оның солай екенін біле тұрып, үйленуі қалай? Оның да мәнісін автор ашып-айырып жатпайды) Ал Айгүлдің аулынан Бексейітке келген бір хаттан Айгүлдің «рак матки» ауруынан қайтыс болғанын, ал туған баласының керек болып қалғанын білеміз.

Міне, оның қазіргі аю әйелімен салғыласқаннан кейін еске алғаны осы. Енді осыдан не ұқтық? Бексейіт кім боп көрінеді бізге, соған келейік. Ең алдымен ол айдалада жолыққан қызға қиянат жасайды. Оның артынан ауылға келгенде жанағы қызды тағы көреді. Сонда: «Бексейіт қызды осы тұрған орнында бас салып, кісі аяғы әлі таптай қоймаған көк шалғын үстіне ұмар-жұмар аунатқысы келіп кетті» дейді автор. Егер Бексейіттің ол қызға осыдан бір сағат қана бұрын қиянат жасағанын ескерсек, мына сөйлемді оқып бұл адам ба, жоқ тілі салақтаған ит пе деп ойлап қалуға болады. Бексейіт жырынды екен деп, оны соншама құбыжық ете беруден автор ештеңе ұтпаған.

Ал диссертация жазып жатқан кезінде әйелінің бары-жоғын ұмытуын, тамақтық ақша табу үшін мұрнынан шаншылып, жұмыс істеп жүрген халіне көз қырын да салмауын Бексейіттің ғылым жұмысына басы бүтін беріліп кетуіне байланысты деп түсінген болайық. Себебі, автордың емеуріні осылай.

Ал Бексейітте адамдық қасиет жоқтығын оның Айгүлден туған өз баласына деген қатынасынан көреміз. Мысал келтірейік:

«Аядай шағын бөлменің үшінші тұрғыны – қауғабас қызылшақа нәрестені Бексейіт өзінің жұмысына зиян тигізетін көп кеселдің ең бастысы деп қана қабылдады». «Әйелде жазық жоғын, бар пәле мына бақырауық жұдырықтай сұмда екенін аңдаған соң ашуын тежеп, қайта ұйықтауға тырысады». «Ал үйде заржақ қызылшақа пәлекет бар». «Басы репетейсіз үлкен, мойны қылдырықтай, шибұт, қамытаяқ». «Қоңқақ мұрын, мойыл көз жалпақ сары». «өзі кімге тартқан» дейтін Бексейіт еңбектей бастаған мазасыз бала қасына жуып кетсе тыжырынып. Саусағының ұшымен ғана өзінен ысырып, ары кет деп ымдайтын.

Асыра сілтеудің көкесін осы сөйлемдерден де көреміз. Әрине, туған әкесі осылай болғасын табиғат өз дегенін істемей тұра ма? Баланың өскенде саңырау болып қалуына ең алдымен Бексейіт кінәлі десек қателеспейміз. Ал Бексейітті адам ету үшін жас ғұмырын құрбан еткен Айгүлдің де жаман аурудан қаза табуына сол Бексейіт кінәлі.

Демек М.Мағауиннің баяндауына қарағанда Бексейіт семьясын тастап, жезөкше әйел Гүлжиһанға үйленгені үшін ғана кінәлі емес. Ол ең алдымен қылмысты адам болып отыр. Басқаша бағалау бұл жерде қиын. Иә, солай. Мүмкін автор қанша асыра сілтегенмен Бексейіт арқылы ғылыми атақты бүркеніп, тұрмыстан азып жүрген кейбір алаяқтардың бейнесін беруге тырысқан шығар. Олай дейін десек бұған кезмайыс келетін тағы бір жағдай

бар. Автор оны түү бастан шашын ақ қырау шалған ғылым адамы етіп көрсетіп, мұның өзінен де атып кеткен жезөкше әйелі Гүлжиханның арсыздығына күйінген, оның алдында адамшылықты, адалдықты бар пейілімен қорғап сөйлесуге тырысқанын бейнелейді. Сөйтіп, өзінің аю әйелінен тауы шағылғасын, жәбір көргесін барып қана өзінің жұмыс кабинетінде отырып, сонау жастық шағын, алғашқы уыз махаббатын еске алады. Алайда, оның «уыз махаббаты» мынадай екен. Демек біз Бексейітті қалай түсінеміз? Алғашқы «уыз махаббатын» бағаламай опық жеген адам деуге де келмейді. Себебі, ол Айгүл мен одан туған бала екеуінің де обалына қалған қылмыскер. Мүмкін сол қылмысы үшін сазайын тартқаны шығар. Олай да емес, себебі, автордың емеурінінен оны ақтамақ пиғылын танимыз, бұдан гөрі Гүлжиханды қаралап, оның қасында Бексейітті біраз көтеріп тастамақ сияқты.

Демек, М.Мағауин не жазып отырғаны жайында өзіне-өзі есеп бермейтін сияқты. Повестің басында бір адам туралы баяндап, сол аттас екінші адамға көшіп кеткен бе дерсің. Қылмыстылар туралы да шығармалар жазылады, бірақ олар ақталмайды, әшкереленеді, осы қалыпқа қалай жетті, соның төркіні іздестіріледі.

Алайда, бұл оларға қара бояуды үстемелетіп жаға беру деген сөз емес, ондай адамның психологиялық болмысының шеңберін тым тарылтып та, тым кеңейтіп те жібермей характер сипатын шынайы детальдар негізінде жасау керектігін ескертуіміз ғана.

Мысалы, біз жоғарыда сөз еткен Ә.Кекілбаев повесіндегі Зуһраны ешкім де ұнамды, ал М.Сүндетов повесіндегі Дүйсен қартты ешкім де ұнамсыз кейіпкер деп айта алмайды. Ал сол «ұнамсыз» Зуһраның мінсіз көркін, аласыз көңілін көріп қызықтаймыз, ал «ұнамды» Дүйсен қарттың өз тұрғыласы Мұқанның үйінде арақ ішіп жатып қалуы, базарға кеткен қызын сырттан торуылдауы сияқты теріс қылықтарына ішіміз ашиды. Бірақ бұған қарап, ол кейіпкерлер жөніндегі көзқарасымыз өзгеріп кетпейді, қайта олардың пендешілігін, адамға тән әралуан кейпін көріп, жазушы қаламына сеніміміз артады.

Ал М.Мағауин кейіпкерінің әр қиыр шеттен бір қылаң беруі оны шынайылықтан жұрдай еткен.

Осы повестегі Айгүл жөнінде айтарымыз ол өте надан, көнбіс болып суреттелген. Мейлі алыстағы ауылда туып өскен қыз-ақ болсын, сонда да одан жылт еткен бір жастық қасиеттің, жігердің байқалмауы (Бексейіттен біржола кетіп қалуынан басқа) тіпті жараспайды-ақ. Бүгінгі біздің жастармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, орта ғасырдан келген жандай-ақ өте көк жасық.

Ал повестің жазылуындағы орашолақтық қаншама десеңші. Ең алдымен тіліндегі мәдениетсіздік, логиканың жоқтығы көзге оқшау түседі. Мысал келтірейік:

«Профессионал спортшының менеджері сияқты» (Бұл ұғымды қазақтың төл сөзімен беруге болар еді ғой).

«Ләззат... ләззат... ләззат... Жер үстіндегі ұжмақ. Қызығына адам баласы тіріде тоя ма. Алайда, әріптесінің (әріптесі несі?) үнемі спорттық бабында болуын тілейтін Гүлжиһанның қатал талабы, соңғы кезде Бексейітті қажыта бастады».

«Келісімен-ақ жастық жігер, жаңа күшпен өзінің зайыптық міндетін атқаруға кірісетін-ді». Міне, осы сөйлемдер аңқау оқушыларды матап ұстамақ ниетпен ғана жасалғаны көрініп тұр. Кейбір беттері олақ аудармаға ұқсайды. М.Мағауиннің бұл «Қара қыз» атты повесі бүгінгі проза жанрында етек алып отырған ең бір жағымсыз көріністердің біріндей қатты көңілімізді қалдырды.

Жұртқа белгілі аксиоманы қайталасақ, шеберлік адамға бірден келмейді. Шығармада әрбір детальдың сұрыпталуы кейіпкер сыр-сипатын ең бір табиғи жолмен аша алу ізденіс көкжиегіне, шабыт шарықтауына байланысты.

Бүгінгі орыс және дүниежүзілік әдебиеттің озық үлгілері жазушылық шеберліктің шексіздігін танытып отыр. Әрі әрбір ұрпақ өзінше әдеби тәсіл, форма тауып, бұл жағынан техникалық ғылымдармен бір жайдан жарысқа да түскендей. Алайда, тәсіл, форма қалай құбылса да оның бәрі өз заманымыздың, егер тарихи шығарма болса кешегі заман адамдарының характерін, ой-арманын, психологиясын жан-жақты ашып, сомдап шығару, сол адамдар арқылы замана бет-бедерін танытуға саяды. Әрине, алдына үлкен мақсат қоймайтын жазушы жоқ. Тек сол үлкен мақсат үдесінен өз еңбегінің сапалық қуатымен шығу екінің бірінің еншісіне тие бермейді. Сондықтан да бүгінгі қазақ прозасының хал-ахуалы шеберлік мәселесінің әлі де жиі көтеріліп, нақтылы шығармалар төңірегінде әңгіме етілуін үсті-үстіне қалайтындай.

Академик жазушымыз Ғабит Мүсірепов проза туралы бір сөзінде былай деген екен: «...социалистік реализм әдебиетінің идеялық және көркемдік талаптарына енді терең бойлайтын кезеңге шықтық. Ол талаптарды қалай меңгере алғандығымыз тақырып талғаудан бастап шындықтан алынған конфликт жасай алу, созымды сюжет құра білу, нанымды образ жасау, түсінігі дәл образды тілді меңгеру сияқты, қорыта келгенде шеберлікті меңгеру мәселесіне тіреледі. Шеберлік – біздің алдымызда тұрған бірінші мәселе».

Иә, бірінші мәселе. Біз де осы мәселені көтере түсуге өз тарапымыздан бір мысқалдай болса да үлес қосуға талпындық.

1984 жыл.

ПОЭЗИЯ ТУРАЛЫ ОЙЛАР¹

Поэзия біздің ата-бабамыздан мирас сан-салалы өнер атаулының ең қастерлі түрі. Оған шаң қоңдырмай, дақ түсірмей сақтап, бүгінгі ақын жүректі, ақын жанды талаптыларымыздың қаламынан туған шумақтар тап солайша қастерлеуге лайық дәрежеде болуы қазіргі әдебиет жанкүйерлері